



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2019 жылғы 5 қыркүйектегі
№ ДС-120 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Ақмола облысының Красный Яр кентіне көшіп келген тұрғындарды орналастыру бойынша проблемалық мәселелерге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдан бастап этникалық қазақтардың елге ерікті түрде оралуын ынталандыру саясатын жүргізіп жатыр.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының көші-қон саласындағы қолданыстағы заңнамасы тарихи отанына оралуға ниет білдірген этникалық қазақтарға берілетін «оралман» мәртебесін алу негізінде мемлекеттік қолдау шараларын алуға мүмкіндік береді.

Қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде 1991 жылдан бастап 1,046 млн. (307 мың отбасы) этникалық қазақ тарихи отанына оралды және оралман мәртебесін алды, ол республика халқының жалпы санының 6 %-ін құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы № 1126 қаулысына сәйкес 2009 – 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асырылды.

Бағдарламаның мақсаты этникалық қазақтарды тарихи отанда ұтымды орналастыру және оларды жайластыру мен интеграциялауға жәрдемдесу болып табылады.

Бағдарлама 6 облыста (Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан облысы)) іске асырылды. Мониторинг нәтижелері бойынша осы облыстарда Бағдарлама бойынша 2604 үй мен 1016 пәтер салынды.

2010 жылы Көкшетау қаласының Красный Яр ауылының «Нұрлы көш» шағын ауданында (одан әрі – шағын аудан) 276 отбасы үшін 138 екі пәтерлі тұрғын үй салынды, олар пайдалануға берер алдында құрылыстың сапасы тұрғысынан міндетті мемлекеттік қабылдаудан өтті.

Сондай-ақ 2010 – 2011 жылдары сыртқы электрмен жабдықтайтын инженерлік желілер салынды, 2012 жылы үйлерге жөндеу жүргізілді, ал 2016 жылы 84 пәтер жылытылды.

Қазіргі уақытта шағын ауданда Монғолиядан, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, Ресейден, Қытайдан, Тәжікстаннан, Түрікменстаннан келген 274 отбасы отандасымыз (1057 адам) тұрады. Қазіргі уақытта олар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.

Үкімет 2009 – 2011 жылдары Бағдарламаға қатысушылар кейін қайтарады деген шартпен республикалық бюджеттен қаражат бөлгенін атап өту қажет. Бұл ретте жалға берілетін тұрғын үй «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның депозиттік кредиттеу бағдарламасы арқылы тиімді шарттармен берілді, мұнда тұрғын үй құнының 50 %-і жинақталған кезде қатысушыларға жеңілдікті 5 % мөлшерлеме бойынша пәтер сатып алу мүмкіндігі берілді. Барлық тұрғын үй құрылыс жинақтары бойынша шарттар аталған бағдарламаның 215 қатысушысымен жасалды, оның ішінде 2 қатысушы ғана өз міндеттемелерін ерікті түрде орындап, тұрғын үйдің меншік иесі атанды, ал қалған қатысушылар жалға берілетін тұрғын үйде тұрып жатыр, олар шарттың талаптарын әлі орындаған жоқ.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы орган шағын ауданды әлеуметтік-экономикалық дамыту бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Ұзақтығы 1,8 км болатын асфальт-бетонды жабыны бар жолды жөндеу жүргізілуде, 280 орынды балабақша салу жоспарланған және ол үшін тиісті құжаттама әзірленуде.

Бүгінгі күні шағын ауданында 1 мыңнан астам адам тұрады, оның ішінде 42 отбасы ағымдағы жылы 41 млн. теңгеге атаулы әлеуметтік көмек алды, тағы 35 отбасыға 1,8 млн. теңгеге материалдық көмек көрсетілді.

Сонымен қатар «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде 2020 – 2022 жылдарға Красный Яр ауылында (*Симферопольская көшесі, Бейбітшілік көшесі, «Новая котельная», Шакеев көшесі, Сейфуллин көшесі шекараларында*) сыртқы жылумен жабдықтау желілерін салу жобасын іске асыруға бюджеттік өтінім берілді.

Көрсетілген бағдарлама шеңберінде 2020 жылға республикалық бюджеттен Ақмола облысының Красный Яр ауылының әлеуметтік және инженерлік-көлік инфрақұрылым объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге республикалық бюджеттен 854,3 млн. теңге бөлінді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің жанынан Үйлестіру-қоғамдық кеңесі құрылып, оның құрамына Парламент Сенатының, Мәжілістің депутаттары, «Нұр Отан» партиясының және тиісті қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді. Осы кеңестің мақсаттарының бірі «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасын іске асыру барысын қоғамдық бақылау және оны тиімді іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Осылайша орталық және жергілікті атқарушы органдар бұрынғы репатрианттарды тиісінше жайластыру мақсатында аталған шағын ауданның тыныс-тіршілігін жақсартуға және одан әрі экономикалық дамуына қажетті шаралар қабылдап жатыр.

Сонымен бірге сіздер көтерген мәселелерді жан-жақты қарастыру мақсатында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне мүдделі мемлекеттік

органдармен бірлесіп, көрсетілген фактілерге тиісті кешенді тексеру жүргізіп, оларға қағидаттық баға бере отырып, нәтижелері бойынша сіздерге тиісті ақпаратты ұсыну туралы тапсырма берілді.

А. Мамин

*Орынд.: Б.Б. Әлмадиев
тел.:75-00-25*

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

На № ДЗ – 120 от 05.09.2019 г.

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно проблемных вопросов по обустройству переселенцев в селе Красный Яр Акмолинской области, сообщая следующее.

С момента обретения независимости Республика Казахстан проводит политику стимулирования добровольного возвращения в страну этнических казахов.

В настоящее время действующее законодательство Республики Казахстан в области миграции позволяет получать меры государственной поддержки на основе получения статуса «оралмана», который присваивается этническим казахам, изъявившим желание вернуться на историческую родину.

В результате принимаемых мер с 1991 года на историческую родину вернулись и получили статус оралмана 1,046 млн. (*307 тыс. семей*) этнических казахов, что составляет 6% от общей численности населения республики.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 2 декабря 2008 года № 1126 была реализована программа «Нұрлы көш» на 2009-2011 годы (*далее – Программа*).

Целью Программы являлось рациональное расселение и содействие в обустройстве и интеграции этнических казахов на исторической родине.

Программа реализована в 6-ти областях (*Акмолинская, Актюбинская, Восточно-Казахстанская, Мангистауская, Северо-Казахстанская, Южно-Казахстанская (ныне Туркестанская область)*). По результатам мониторинга в этих областях по Программе построено 2604 домов и 1016 квартир.

В 2010 году в микрорайоне «Нұрлы Көш» с.Красный Яр г.Кокшетау (*далее – микрорайон*) построено 138 двухквартирных жилых домов для 276 семей, которые перед сдачей в эксплуатацию прошли обязательную государственную приемку на предмет качества строительства.

Также, в 2010-2011 годах построены наружные инженерные сети электроснабжения, в 2012 году произведен ремонт домов, а в 2016 году утеплены 84 квартиры.

В настоящее время в микрорайоне проживает 274 семьи соотечественников (*1057 чел.*), прибывших из Монголии, Кыргызстана, Узбекистана, России, Китая, Таджикистана, Туркменистана. В данное время все они являются гражданами Республики Казахстан.

Необходимо отметить, что Правительством в 2009-2011 годах были выделены средства из республиканского бюджета с последующим их возвратом участниками

Программы. При этом арендное жилье предоставлялось на выгодных условиях через программу депозитного кредитования АО «Жилстройсбербанк Казахстана», по которой при накоплении 50% стоимости жилья участникам предоставлялась возможность выкупить квартиры по льготной 5%-ной ставке. Всего договоров по жилстройсбережениям заключено с 215 участниками указанной программы, из которых только 2 участника, добросовестно выполнив свои обязательства, стали собственниками жилья, а оставшиеся участники продолжают проживать в арендном жилье и при этом не выполняют условия договоров.

Вместе с тем, местные исполнительные органы ведут работы по социально-экономическому развитию микрорайона. Проводится ремонт дороги с асфальтобетонным покрытием протяженностью 1,8 км, запланировано строительство детского сада на 280 мест и разрабатывается соответствующая документация.

На сегодняшний день, в микрорайоне проживает более 1 тыс. человек, из которых 42 семьи в текущем году получили адресную социальную помощь на 41 млн. тенге, еще 35 семьям оказана материальная помощь на 1,8 млн. тенге.

Также, в рамках программы «Ауыл - Ел бесігі» подана бюджетная заявка на выделение средств из республиканского бюджета на 2020-2022 годы для реализации проекта по строительству наружных сетей теплоснабжения в селе Красный Яр *(в границах: ул. Симферопольская, ул.Бейбитшилик, «Новая котельная», ул.Шакеева, ул.Сейфуллина).*

В рамках указанной программы на 2020 год из республиканского бюджета выделено 854,3 млн. тенге на капитальный и текущий ремонт объектов социальной и инженерно-транспортной инфраструктуры села Красный Яр Акмолинской области.

Кроме того, при Министерстве национальной экономики Республики Казахстан создан координационно-общественный совет, в состав которого входят депутаты Сената и Мажилиса Парламента, представители партии «Нур Отан» и соответствующих общественных объединений. Одной из целей данного совета является общественный контроль за ходом реализации программы «Ауыл - Ел бесігі» и выработка предложений по эффективной ее реализации.

Таким образом, центральными и местными исполнительными органами принимаются необходимые меры для улучшения жизнедеятельности и дальнейшего экономического развития данного микрорайона в целях надлежащего обустройства бывших репатриантов.

Вместе с тем, в целях всестороннего рассмотрения поднятых вами вопросов дано поручение Министерству индустрии и инфраструктурного развития совместно с заинтересованными государственными органами провести соответствующую комплексную проверку указанных фактов, дать им принципиальную оценку и по результатам представить вам соответствующую информацию.

А. Мамин

*Исп.: Альмадиев Б.Б.
тел.: 75-00-25*